

Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

«Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Құлсары учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстары» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасына қоғамдық тыңдалым.

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **«Қосшағыл ауылдық округінің әкімдігі» ММ.**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Құлсары учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстары» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі **Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Құлсары учаскесі Атырау облысында орналасқан, алынып тасталатын аумақтарды шегергендегі учаскенің ауданы 1147,26 шаршы км құрайды.

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Атырау облысының Жылыой ауданы (келісімшарттық аумақ осы ауданның жерінде әкімшілік орналасқан).

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «Kazakhstan Zhonghengyongsheng Energy Co., Ltd.» Жеке Компаниясы, Занды мекенжайы: 010000, Астана қаласы., Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 53 үй, 448 пәтер. БСН: 240840900837. Телефон: + 77770002525, e-mail: zhonghengactana@gmail.com Жетекшісі: ЛН ХУХУ.

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері. «EcoSmart» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 3 үй, 180 пәтер, электрондық пошта: gul_shat_k@mail.ru, тел.: 87024190246.

8. Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты, орны (қоғамдық тыңдаулардың ашық отырысының күні (күндері) мен уақыты):

Күні: 25.12.2025ж. 15:00 мин.

Тіркеу уақыты: 25.12.2025ж. 14:30 мин.

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты: 25.12.2025ж. 15:00 мин.

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 25.12.2025ж. 16:15 мин.

Өткізу орны: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а. о., Қосшағыл а., Толтыр к-сі, 77, "Сүлеймен" Банкет залы мекенжайы.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта (ашық жиналыс және бейнеконференц байланыс арқылы) өткізіледі.

Бейнеконференц байланыс форматында қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін ZOOM платформасы арқылы келесі сілтемеге өту қажет:

<https://us06web.zoom.us/j/9840787984?pwd=n5SHacBy7CtvOWjdtlzHkmQoqFvIPG.1>

Жеке конференция нөмірі: 984 078 7984

Кіру коды: 123456

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Шығыс нөмірі: 25201423001, Күні: 14/11/2025ж. **Қосымша-1.**

Шығыс нөмірі: 25201423001, Күні: 17/11/2025ж. **Қосымша-2.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы **Хаттаманың №3** қосымшасында ұсынылған.

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

Бірінғай экологиялық порталда:

<https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings/Edit/29867>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>. «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ. Жарияланған күні: 17/11/2025ж.

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

№46 (8198), 20 қараша 2025 жыл «Кең Жылыой» Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газетінде екі тілде хабарлама берілді. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына **4-қосымшада** қоса берілген.

19.11.2025ж. «АТЫРАУ» телеарнасы эфиріне шыққан, (Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына телеарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы эфирлік анықтама қоса берілген). Эфирлік анықтама №201, 19.11.2025ж. **4-қосымшада** қоса берілген.

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл а. о., Қосшағыл а., Толтыр к-сі, 77, "Сүлеймен" Банкет залы мекенжайы бойынша екі тілде бір дана** хабарландыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымша 5.**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Хатшы болып бірауыздан «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі Үмбетов Е. сайланды.

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 18 адам (13 жеке қатысушы, 5 конференциялық байланыс арқылы) «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

Дауыс бергендер «қарсы емес» – 18 адам (13 жеке қатысушы, 5 конференциялық байланыс арқылы), «қарсы» – 0, «қалыс қалды» – 0 адам.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қарсы емес", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндамашы: «EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.

Баяндаманың тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Құлсары учаскесінде көмірсутектерді іздеу жөніндегі барлау жұмыстары» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) 30 бетті презентация. **Қосымша 6.**

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)
1	Қосшағыл ауылының тұрғыны: - Жұмыс басталды ма? - Жұмыстарың Масабайдың территориясында ма? - Қанша шақырым жерде орналасқан?	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - 2026 жылы 2D МОГТ әдісімен өрістік сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. 2026–2029 жылдары бұрғылау кезеңін бастау көзделіп отыр. - Иә. - Қосшағыл кенті 2,6 км жерде орналасқан. Ең жақын ұңғыма 26 км. «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Масабай кен орны келісімшарттық аумақтың ішінде орналасқанымен, берілген лицензияға кірмейді.	Ескерту жойылды
2	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - 1- суретте келісімшарттық аумақтан Масабай кен орны, сондай-ақ Шерліғұл және Дәден ата ескерткіштері алынып тасталғаны көрсетілген. Осы картадан басқа белгіленген аумақтар бар ма?	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Жоқ, картада көрсетілген аумақ қана кіреді. Масабай кен орны және Шерліғұл мен Дәден ата ескерткіштері келісімшарт аумағынан алынып тасталған. «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Алғашқы құжаттар рәсімделгеннен кейін жер қатынастары бойынша жобалар әзірленеді. Нақты жұмыстар жүргізілетін аумақтар сейсмикалық барлау нәтижелерінен кейін анықталады.	Ескерту алынып тасталды
3	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Шерліғұл атауымен екі нысан бар ма? Себебі Шерліғұл Желтау маңында да орналасқан. Бұл басқа елді-мекен бе?.	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Карта мемлекеттік жер кадастрынан алынған деректер негізінде әзірленген.	Ескерту алынып тасталды
4	Қосшағыл ауылының тұрғыны: - 2 км жақын. - Айналамыздағы аумақтардың барлығында мұнай белгілері бар.	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Келісімшарттық аумақтың ең жақын шекарасы Қосшағыл ауылынан 2,6 км қашықтықта орналасқан. Ұңғымалардан есептегенде – 26–28 км. «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Сейсмикалық барлау жұмыстары терең қабаттарда, тұз қабатының астында жүргізіледі.	Ескерту алынып тасталды
5	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалау жобасында қоршаған ортаны	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Ұсынылып отырған жоба – қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалау жобасы. Егер	Ескерту алынып тасталды

	қорғау бөлімі қарастырылған ба?	сейсмикалық жұмыстар оң нәтиже көрсетсе, келесі кезеңде техникалық жобалар әзірленіп, оның құрамында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі болады. Ол жоба бойынша қоғамдық тыңдалым өткізіледі.	
6	Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Қоғамдық тыңдалымға ауылдан қанша адам қатысып отыр?	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - 9 адам	Қоғамдық тыңдалым тақырыбына қатысы жоқ
7	Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Ең жақын аймақ – 2,5 км жерде орналасқан Қосшағыл ауылында өткізіліп жатыр екен. Бұл Құлсары қаласына, Тұрғызба ауылына да жақын. Алайды осы аталған ауыл тұрғындары ешқандай шақыртуды көрген жоқ. Экологиялық порталдан өзім кіріп көріп қалдым. Хабарландыру қалай берілді? 1 сағат қалғанда шығарасыздар ма? Тұрғызба ауылына қатысы бар ма? Не себепті бұл участкелердің тізбелерін көрсетіп жатсыздар? Сол бойынша түсіндіріп өтсеңіз. Құлсары қаласының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, яғни карта бойынша Масабай кен орнының бергі жағында орналасқан. Ең жақын Қосшағыл ауылына 2,5 км жерде орналасқан. Әкім мырза, сіздер бұрғылауға рұқсат бересіздер ме? - Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет өкілі қатысып отыр. Санитариялық-қорғау аймағының мөлшері қандай? Оған рұқсат алынған ба? Бақыт Мурзағалиевна, осы бойынша сұрақтар қоясыз ба? Осы бұрғылау жұмыстары жобасына халық рұқсат береді ме? - Барлау жұмысынан кейін, бұрғылау жұмыстарын бастайсыздар. Сіздер келісімшартқа 6 жылға отырдыңыздар. 2026-2027жж тереңдігі 7000 м бұрғылау жұмыстарын жүргізетіндігі жөнінде құжаттарда жазылған. - Техникалық жоба жасалынатынын білемін. Бірақ жақын орналасқан рұқсат бересіздер ме? Халықтың пікірін сұрағым келеді. - Сіз бүкіл халықтың атынан сөйлей алмайтын шығарсыз? Себебі, Құлсары қаласының, Тұрғызба елді-мекенінің тұрғындары қатысып отырған жоқ. Біз барып қатыса алмай отырмыз. Сіз барлық күшті өз мойныңызға ала аласыз ба? 6 адам жобаға шешім қабылдай алады ма? - Барлау жұмысы болса да, сіздің жобаңызда айтылған ақпарат бойынша сұрақ қойып жатырмын. - Жақсы, сізді түсіндім. Сәс қызметкері, Бақыт Мурзағалиевна отыр. Осы бойынша сіз не айта аласыз?	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Қоғамдық тыңдалым туралы хабарландыру 30 күн бұрын облыстық «Кең Жылыой» газетінде жарияланды және әкімдік ғимаратындағы ақпараттық тақтаға ілінді. Бүгінгі жоба тек барлау жұмыстарына қатысты. Ұңғымалар сейсмикалық жұмыстар расталған жағдайда ғана бұрғыланады, бұл кезең бойынша бөлек қоғамдық тыңдалым өткізіледі. Бұрғылау жөнінде ақпаратты айтуға міндеттіміз. - Бүгінгі жоба: барлау жұмыстары жобасы. Ішінде 2Д МОГТ өрістік сейсмикалық 150пог.м жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр. Осы жоба оң нәтижесін көрсеткен уақытта, бұрғылауға әр ұңғымаға техникалық жоба жасалынады. Қоршаған ортаны қорғау бөлімі жобасымен қоғамдық тыңдалыммен келеміз «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е. - Санитарлық-қорғау аймағы бойынша сұрақ бердіңіз. Ұңғымалар әлі белгісіз. Біз қазір барлау жұмыстарын айтып отырмыз. «EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А. - Қазіргі жобада алдын ала болжамды есептеулерге сәйкес санитариялық-қорғау аймағы 1000 метрді құрайды. Базалық жоба шеңберінде санитариялық-қорғау аймағының жеке жобасы әзірленбейді. Жұмыстар басталған кезде қорытынды есептеулер негізінде санитариялық-қорғау аймағы нақтыланатын болады. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Жылыой аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ – өкілі: Бақыт Мурзағалиевна: - Саламатсыздарма. Барлау жұмыстарынан кейін нысан мұнай өндіру немесе өңдеу объектісіне айналған жағдайда, санитариялық-қорғау аймағы сақтала ма және бұл бойынша тұрғындардың келісімі алынған ба деген сұрақ көтеріліп отыр. Қазіргі таңда санитариялық-қорғау аймағы толық сақталмаған жағдайда, алдағы уақытта бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, мұнай табылып, нысанды кеңейту кезеңінде	Ескерту жойылды

		санитариялық-қорғау аймағының сақталуы қалай қамтамасыз етіледі деген мәселе туындайды. Бүгінгі күнгі есептеулер болжамды сипатта болып табылады. Болашақта нысан іске қосылып, нақты жұмыс режимі анықталғаннан кейін қосымша есептеулер жүргізіліп, санитариялық-қорғау аймағының түпкілікті мөлшері белгіленуі және тиісті қорытынды алынуы қажет. Сонымен қатар, объект ретінде пайдалануға берілген жағдайда санитариялық-қорғау аймағы бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алу міндетті болып табылады. «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е. - Иә, сіз айтып отырғаныңыз дұрыс. Қазіргі жоба- барлау жобасы.	
8	ҚР Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Атырау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Жылыой аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы" РММ-нің өкілі – Бакыт Мурзагалиевна: - Мұнай объектілері үшін санитариялық-қорғау аймағы 1000 метрді құрайды. Осыған байланысты тұрғындардың келісімі қарастырыла ма?	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Ұңғымалар елді мекендерге жақын орналаспаған, қашықтық келісімшарттық аумақтың шекарасынан есептелген. Бұрғылау жұмыстары сейсмикалық зерттеулердің нәтижелерінен кейін ғана анықталады, ұңғымалардың нақты орналасу орындары сол кезде белгіленеді. Осыған сәйкес санитариялық-қорғау аймағы да сол кезеңде белгіленетін болады.	Ескерту алынды
9	Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Ұсынысым бар. Аталған жобаны қайта қарастыруды ұсынамын, себебі Құлсары қаласының тұрғындары тарапынан қатысу қажеттілігі бар. - Санитариялық-эпидемиологиялық қызмет өкілінің айтуынша, болашақта тұрғындардың өмір сүру жағдайына қатысты сұрақтар туындаған жағдайда, осы қоғамдық тыңдалымға қатысып отырған тұрғындар жауапкершілік ала ала ма?	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес барлық хабарландырулар жарияланды. «EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.: - Қоғамдық тыңдалымға қатысып отырған жергілікті тұрғындар өздеріне қосымша жауапкершілік алуға міндетті емес.	Қоғамдық тыңдалым тақырыбына қатысы жоқ
10	Қосшағыл ауылының тұрғыны: - Гульмира ханым, сіз қашан келе аласыз? Чат арқылы шақыртулар жіберілген болатын. Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Жақсы, қоғамдық тыңдалымды	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.: - Қоғамдық тыңдалым туралы хабарландыру екі тілде 20 қараша күні облыстық газетте жарияланды және әкімшілік ғимаратындағы ақпараттық тақтаға орналастырылды	Қоғамдық тыңдалым тақырыбына қатысы жоқ

	өткізу немесе өткізбеу сіздердің құзыреттеріңізде		
11	«Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ – Арстанова Г. - Көзделіп отырған қызмет қандай аумақтарға әсер етуі мүмкін? Қоғамдық тыңдалым Қосшағыл ауылында өтіп жатыр. Басқа қандай аумақтарға әсер ету ықтималдығы бар? - Құлсары қаласына әсер ету мүмкіндігі бар ма, әлде жоқ па? - Менің түсінуімше, көзделіп отырған қызметтің басқа елді мекендерге ықпал етпеуіне байланысты, қоғамдық тыңдалым ең жақын елді мекен — Қосшағыл ауылында өткізіліп отыр, солай ма??!	«EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.: - Ең жақын елді мекен — Қосшағыл ауылы, ол жобаланатын аумақтан 2,6 км қашықтықта орналасқандықтан, қоғамдық тыңдалым осы жерде өткізілді. Бұл мәселе сізбен бірге Google карта арқылы алдын ала қарастырылған. Жылыой ауданындағы Құлсары қаласы жобаланатын аумақтан шамамен 13 км қашықтықта орналасқан. - Санитариялық-қорғау аймағы болжамды есептеулерге сәйкес 1000 метрді құрайды. Ең жақын елді мекен Қосшағыл ауылы 2,6 км қашықтықта орналасқан, басқа елді мекендер одан да алыс орналасқан. - Иә.	Ескерту жойылды
12	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Гаухар ханым, сәлеметсіз бе. Қоғамдық тыңдалымда хатшы ретінде белгіленген тұлға сұрақ қойып, сұрақтарға жауап бере ала ма?	«Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.» ММ – Арстанова Г. - Қолданыстағы қағидаларға сәйкес хатшы тағайындалады деп көрсетілген. Алайда хатшының сұрақ-жауапқа қатысуы жөнінде нақты талаптар белгіленбеген. Хатшының негізгі міндеті — қоғамдық тыңдалымның хаттамасын жүргізу. Қағидаларда бұл мәселеге қатысты тыйым немесе рұқсат нақты көрсетілмеген.	Қоғамдық тыңдалым тақырыбына қатысы жоқ
13	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Жақсы, рахмет. Барлау жұмыстары барысында лагерь немесе уақытша қалашық салына ма? - Бұл объектілер картада көрсетілген бе? - Барлау кезінде ірі техникалар қозғала ма, электр қуаты тартыла ма? - Жаз мезгілінде ірі техникалардың қозғалысы кезінде шаң басу шаралары қарастырылған ба??	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Иә, уақытша лагерь (қалашық) құрылады. - Қажетті рұқсат құжаттары алынғаннан кейін сейсмикалық жұмыстарға арналған жер қатынастары жобасы әзірленеді. Сол кезеңде сіздерге вагончиктердің нақты орналасу жоспары ұсынылады. - Электр желілерін тарту көзделмеген, мердігер ұйым өздерінің арнайы техникасын пайдаланады. «EcoSmart» ЖШС-нің өкілі – Кисманова А.: - Әрбір жобада шаң басу шаралары қарастырылады. Аталған жоба бойынша есептеулерде шаңды басу шаралары қолданылған, нәтижесінде шаң деңгейі 85%-ға төмендейді деп көрсетілген.	Ескерту жойылды
14	Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Хатшы болып отырған кім? Хатшы болып, сұраққа да жауап береді екенсіз.	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі- Үмбетов Е.: - Үмбетов Ержан жобалаушы мекеме өкілі болып табыламын.	Қоғамдық тыңдалым тақырыбына қатысы жоқ
15	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Сейсмикалық жұмыстарды тендер арқылы мердігер мекеме орындай ма? Жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша түсініктеме бере аласыздар ма?	«Кең Бағдар» ЖШС-нің бас геолог маманы – Битеуова С.: - Иә, сейсмикалық жұмыстар тендер арқылы мердігер мекемеге беріледі. Мердігерге жергілікті елді мекендерден 5–6 жұмысшы алу ұсынылады. Алайда вибратор операторлары секілді жоғары біліктілікті	Ескерту жойылды

	- Бұл міндеттемелерді келісімшартта бекіту мүмкін бе? - Айтылған мәселелердің барлығы хаттамаға енгізілсін. - Сейсмикалық барлау кезеңінде не себепті жергілікті тұрғындарды жұмысқа алу мүмкіндігі шектеулі? - «Жұмысшыларды аламыз» деп айтылып отыр емес пе? - Қазіргі таңда кемінде 1–2 жергілікті тұрғынды уақытша болса да жұмысқа орналастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынамыз. Егер сейсмикалық барлау кезінде жұмысқа алу мүмкіндігі бар болса, неге пайдаланбасқа? - Өндіру кезеңінде инвестор ретінде уәделердің өзгеруі мүмкін. Болашақта келісімшартта көрсетілмеген деген уәж айтылмауы үшін бұл мәселелер қазірден нақты бекітілуі қажет.	талап ететін мамандар мердігер ұйымның өз қызметкерлері болады. - Иә, мердігер мекемемен жасалатын келісімшартта бұл талаптар техникалық тапсырмада көрсетіледі. - Барлық айтылған ұсыныстар мен жауаптар хаттамаға енгізіледі. «Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі-Үмбетов Е.: - Барлау жұмыстары кезінде мердігер мекеме тендер арқылы анықталады. Кей жағдайларда мердігер ұйым жергілікті атқарушы органдармен меморандум жасасуы мүмкін. Энергетика министрлігі мен жер қойнауын пайдаланушы арасындағы келісімшартта барлық негізгі міндеттемелер көрсетілген. Жергілікті тұрғындарды кең көлемде жұмыспен қамту мәселесі, негізінен, эксплуатация кезеңінде, яғни мұнай табылып, өндіру жұмыстары басталған кезде жүзеге асырылады. Сол кезде эксплуатациялық ұңғымалар қазылып, міндеттемелерге сәйкес жақын елді мекендерден жұмысшылар алынады. - Барлау кезеңінде тәжірибесі бар мамандар ғана жұмысқа тартылады. «Кең Бағдар» ЖШС-нің бас геолог маманы – Битеуова С.: - Иә, белгілі бір көлемде жұмысшылар алынады, алайда барлау кезеңінде көп мөлшерде жұмыс орны ашу мүмкін емес. Мысалы, басқа өңірлерде барлау кезінде 5–6 адамды ғана жұмысқа алу тәжірибесі болған. Барлау кезеңінде келісімшартта жергілікті тұрғындарды 1% оқыту немесе жұмысқа алу міндеттемелері қарастырылмайды. Бұл талаптар тек эксплуатация, яғни өндіру кезеңіне қатысты. Мұнай табылуы – негізгі шарт. 7000 метр тереңдікте бұрғылау – күрделі процесс. Егер сейсмикалық барлау нәтижесінде құрылым анықталмаса, бұрғылау жұмыстары жүргізілмейді. - Өндіру кезеңінде жергілікті тұрғындарды оқыту және жұмысқа алу бойынша 1% міндеттемелер бар және олар орындалады.	
16	Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Округ әкімі сіздерге ұсыныс айтып отыр. Барлау жұмыстары жүргізіледі, бірақ жұмысқа адам алмаймыз дейсіздер. Добыча кезеңіне өткеннен кейін дейсіздер. Ол кезеңге өткеннің өзінде жұмысқа алып отырған жоқ. Біз көріп отырмыз. Қанша жылдан бері қаншама адам келіп жұмыс сұрап жүргендерін көріп отырмыз. Пайдасын асырып, табысын тауып отырса да жұмысқа алып отырған жоқ. Сондықтан, айтылған ұсынысты,	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі-Үмбетов Е.: - Біз тәжірибесі бар мамандарды алатынымызды айтып отырмыз. Алдымен мұнай табылуы қажет. Мұнай табылған жағдайда оқыту жүргізіліп, жергілікті тұрғындар жұмысқа алынады. «Кең Бағдар» ЖШС-нің бас геолог маманы – Битеуова С.: - Барлау кезеңінде ұңғыма бұрғыланып, консервацияға қойылады. Тау-кен бөлінісі алынғаннан кейін, өз	Ұсыныс

	мердігер мекемеге айта алмаймыз дегендеріңізді біздер қабылдағымыз келмейді. Сол себепті не себепті, осы ұсынысты қабылдасқа?! Не себепті бас тартып отырсыздар? - Тәжірибе болмаса, оқыту қажет. Бұл мәселеге мекеме басшылығы жауап беруі тиіс. - Менде осыны айтып отырмын. Қытай елінен жұмысшылар әкелмейді. Біздің өзіміздің жерімізден жұмысқа алуымыз керек. Сіздер не себепті өздеріңіз төмендетіп жатырсыздар? Не себепті өз елімізде мүмкіндік бермейміз бір-бірімізге? Басшылыққа нақты ұсыныс жеткізулеріңізді сұраймыз: кемінде 2 жергілікті тұрғынды жұмысқа алу қажет. Мамандар керек болса, оқыту ұйымдастырылсын.	станоктарымызбен бұрғылау жүргізіліп, жұмысшылар өзіміз тарапынан алынады. Шетелден, оның ішінде Қытай елінен жұмысшылар тарту көзделмеген, келісімшартта ондай талап жоқ. Жұмысқа жергілікті тұрғындар алынады. Осыған байланысты Құлсары қаласынан, Тұрғызба және Қосшағыл ауылдарынан тұрғындарды жұмысқа алу жоспарланады. - Иә, оқыту қарастырылған.	
17	Қосшағыл ауылының тұрғыны: - Барлау жұмыстарына жұмысқа адам аласыздар ма? Құлсары қаласының тұрғыны – Идрисқызы Гульмира: - Уақытша жұмыс болса да, жұмыспен қамтылсын. - Уақытша болса да жұмыс орындары ашылсын. Қойылған талаптардың орындалмауы болашақта халықпен өзара сенімге кері әсер етеді. Айтылған ұсыныстар хаттамаға толық енгізіле ме??	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі-Үмбетов Е.: - Сейсмикалық жұмыстары кезінде жұмысқа аламыз. Бұл жұмыстар уақытша, шамамен 2-3 ай болады. Барлау, сейсмика және бұрғылау кезінде болатын жұмыстардың барлығы уақытша. Тұрақты жұмыс эксплуатация кезеңінде болады. - Геолог маманы жұмысқа алынады деп айтып отыр. Жыл сайын Энергетика министрлігіне есеп береді. - Хаттаманы порталдан тексере аласыздар.	Ұсыныс
18	Қосшағыл ауылының тұрғыны: - Қазіргі таңда жобалық аумақта барлық техника бар ма?	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі-Үмбетов Е.: - Жоқ, қазіргі уақытта жобалық аумақта техника орналасқан жоқ. Қазіргі кезеңде жер қойнауын пайдаланушы мекеменің қолында тек мемлекеттік органдардан тендер арқылы алынған рұқсат құжаттары және экологиялық құжаттама ғана бар. Қазіргі уақытта тек жобалау және құжаттамалық жұмыстар жүргізілуде. Бұл кезең шамамен 1 жылға созылады. Барлық қажетті құжаттамалар толық дайын болғаннан кейін ғана жұмыстар басталады. Құжаттамалар аяқталған соң, жер қатынастары бойынша жобалар әзірленіп, олар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп келісілетін болады. Осы рәсімдер аяқталғаннан кейін ғана нақты өндірістік жұмыстар басталады. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарт 2024–2030 жылдар аралығына жасалған.	Ескерту жойылды
19	Қосшағыл ауылдық округінің әкімі – Еркінов Ж.Б.: - Жоба бойынша басқа сұрақтар болмаса, жобаны аяқтаймыз. Жобаны өтті деп есептейміз. Баршаңызға келіп қатысқандарыңызға рахмет.	«Кең Бағдар» ЖШС-нің өкілі-Үмбетов Е.: - Жақсы, рахмет.	Ескерту жойылды
20	«E-Otinish» Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы	«Kazakhstan Zhonghengyongsheng Energy Co., Ltd.» Жеке Компаниясы атынан Жетибаев Габдулмәжит	Ескерту жойылды

Атырау облысы бойынша Экология департаментіне және Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына Жетибаев Габдулmajит Сериккалиевич азаматынан төмендегідей қоғамдық тыңдалымға азаматтық пікір келіп түсті. Мен, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде, Атырау облысы Жылыой ауданы аумағында жоспарланып отырған «Қазақстан Республикасының Атырау облысында орналасқан Құлсары учаскесінде көмірсутектерді іздеуге арналған барлау жұмыстары жобасы» бойынша әзірленген ықтимал әсерлер туралы есепке (ОВОС/РООС) қатысты өз пікірімді білдіремін. Аталған жоба Kazakhstan Zhonghengyongsheng Energy Co., Ltd. компаниясының бастамасымен жүзеге асырылуы жоспарланып отыр және ол 2025–2030 жылдар аралығында Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылдық округі аумағына тікелей әсер етеді. Бұл өңір – ұзақ жылдар бойы мұнай-газ өндіру саласының экологиялық жүктемесін көтеріп келе жатқан, табиғи ортасы әлсіз әрі халықтың өмір сүру сапасы экологиялық факторларға тәуелді аймақ. Осыған байланысты төмендегі маңызды ескертулер мен ұсыныстарды назарға алуды сұраймын: Экологиялық тәуекелдерді нақтылау Барлау ұңғымаларын бұрғылау, 2D және 3D сейсмикалық жұмыстар жүргізу кезінде: - жер асты және жер үсті суларына, -топырақ жамылғысына, - флора мен фаунаға, - елді мекендерге жақын орналасқан аумақтардың санитарлық жағдайына - тигізетін ықтимал әсерлер жеткілікті деңгейде нақты әрі ашық көрсетілуі қажет деп санаймын. Кумулятивтік (жиынтық) әсерді бағалау Жылыой ауданы аумағында бұрыннан бар және қатар жүргізіліп жатқан мұнай-газ жобаларының жиынтық экологиялық әсері есепке алынуы тиіс. Бір ғана жоба шеңберінде емес, өңірлік деңгейде жүктеменің артуы бағаланбайынша, қоршаған ортаға келетін нақты қауіп толық ашылмайды. Жергілікті халықтың мүддесін қорғау Қосшағыл ауылдық округі тұрғындарының денсаулығына, тұрмыс сапасына және дәстүрлі шаруашылықтарына (мал жайылымы, жер пайдалану) ықпал ететін факторлар нақты көрсетіліп, алдын алу және	Сериккалиевич азаматының пікіріне төмендегідей жауап берілді: Ықтимал әсерлер туралы есеп (ОВОС/РООС) – жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға және халыққа тигізуі мүмкін барлық ықтимал әсерлерін талдайтын экологиялық бағалаудың міндетті құжаты болып табылады. Ұсынылған ықтимал әсерлер туралы есептің жобасы (бұдан әрі – Есеп) Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген «Қоршаған ортаны бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың» (бұдан әрі – Нұсқаулық) 2-қосымшасына сәйкес әзірленген. Аталған Нұсқаулыққа сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізіледі, оның ішінде жер үсті және жер асты суларына, флора мен фаунаға әсерлер, сондай-ақ жақын орналасқан елді мекендерге ықтимал әсерлер қарастырылады. Бұл ретте елді мекендерге әсер ластаушы заттардың атмосферада таралуын есептеу нәтижелері негізінде есептік әдіспен бағаланады. Кен орнының санитарлық-қорғау аймағының (СҚА) мөлшері алдын ала 1000 метр деп белгіленген, бұл Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығымен бекітілген «Қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ететін объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға» сәйкес келеді. Ең жақын елді мекен контракттық аумақтан 2,6 км қашықтықта орналасқан. Атмосфералық ауаның ластану деңгейіне есептеулер барлық ластаушы көздер бойынша жүргізілді. Әрбір ластаушы зат бойынша тұрғын аймақтың шекарасындағы приземдік ауа қабатында шекті жол берілетін концентрациялардың (ШЖК) асып кетуі болжанбайды, демек, оның шегінен тыс аумақтарға да теріс әсер етпейді. Приземдік концентрацияларды есептеу нәтижелерін талдау жұмыстардың барлық кезеңдерінде тұрғын аймақтың шекарасында бірде-бір ингредиент бойынша ШЖК асып кету фактісі тіркелмейтінін көрсетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы №223-Ө қаулысына сәйкес, геологиялық барлау жобалары II санаттағы объектілерге жатады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексінің 139-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес базалық жобалық құжаттар болып: – барлау жұмыстарының жобасы; – сынамалық пайдалану жобасы; – көмірсутектер кен орнын игеру жобасы
--	--

өтемдік шаралар (әлеуметтік, экологиялық, инфрақұрылымдық) жобада міндетті түрде қарастырылуы қажет. Ашықтық пен қоғамдық бақылау Жоба іске асырылған жағдайда: - экологиялық мониторинг нәтижелері, - ауа, су және топырақ сапасына қатысты деректер - жұртшылыққа тұрақты түрде ашық жарияланып отыруы тиіс. Сонымен қатар, жергілікті қоғам өкілдерінің қатысуымен қоғамдық бақылау тетіктерін енгізу ұсынылады. Траншекаралық әсер тәуекелдері Барлау тереңдігінің 7000 метрге дейін жетуін ескере отырып, жер қойнауына ықтимал терең геологиялық әсерлер мен олардың кең ауқымды салдары (оның ішінде трансшекаралық тәуекелдер) ғылыми негізде қосымша қарастырылуы қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, аталған жоба бойынша экологиялық бағалау материалдарын пысықтауды, тәуекелдерді нақтылауды және жергілікті халықтың заңды мүдделерін қорғауға бағытталған қосымша міндеттемелерді енгізуді сұраймын. Осы пікірімді қоғамдық тыңдалым материалдарын қарау барысында ресми түрде хаттамаға енгізулеріңізді өтінемін.	табылады. Жоспарланып отырған жұмыстарды жүргізу кезінде шығарындылардың сапалық және сандық бағасы туралы нақты қорытындыларды келесі кезеңдерде – жұмыс жобасын әзірлеу барысында, оған қоса берілетін «Қоршаған ортаны қорғау» (ҚОҚ) бөлімінде барлық жобалық шешімдерді талдау және есептеу арқылы жасау мүмкін болады. Совокуптық (кумулятивтік) әсерді бағалау Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және №280 Нұсқаулыққа сәйкес экологиялық бағалау шеңберінде ескерілуге жатады. Алайда, совокуптық әсерді бағалау нақты жобаның ықпал ету аймағы мен оның санитарлық-қорғау аймағы шегінде жүзеге асырылады және бүкіл өңір ауқымында қарастырылмайды. Қарастырылып отырған жоба уақытша және шектеулі сипаттағы барлау жұмыстарына жатады, ол өнеркәсіптік өндіруді, тұрақты шығарындылар көздерін және ұзақ мерзімді антропогендік жүктемені көздемейді. Экологиялық кодекске сәйкес өңірлік стратегиялық экологиялық бағалау аумақтық жоспарлау және даму бағдарламаларына қолданылады және жеке барлау жобаларына қолданылмайды. Ықтимал әсерлер туралы есепте жоба ықпал ету аймағындағы қолданыстағы ластаушы көздерді ескере отырып, совокуптық әсер бағаланған. Есептеу нәтижелері санитарлық-қорғау аймағының шекарасында ластаушы заттардың жиынтық концентрациялары рұқсат етілген нормативтерден аспайтынын көрсетті. Осылайша, совокуптық әсерге қосымша өңірлік бағалау жүргізу туралы талап аталған жобаның пәнінен тыс болып табылады және уақытша барлау жұмыстары үшін қолданыстағы экологиялық заңнамада көзделмеген. Атмосфералық ауаға әсерді бағалау жобада көзделген барлық шығарындылар көздерін ескере отырып, ластаушы заттардың таралуын есептеу әдісімен жүргізілді. Есептеу нәтижелері бойынша санитарлық-қорғау аймағының шекарасында ластаушы заттардың концентрациясы 1 ШЖК-дан аспайды, бұл халықтың денсаулығы мен тұрмыс жағдайына теріс әсердің жоқтығын көрсетеді. Жобада барлау ұңғымаларын елді мекеннен айтарлықтай қашықтықта орналастыру көзделген, бұл тұрғын құрылысқа, мал жайылымдарына және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге тікелей әсерді болдырмайды. Сейсmobарлау жұмыстары уақытша және қысқа мерзімді сипатта, шектеулі мерзімде жүргізіледі және жерлерді тұрақты бұзуды,
--	--

	жайылымдарды алып қоюды немесе жер пайдалану режимін шектеуді көздемейді. Жұмыстар аяқталғаннан кейін бұзылған учаскелерді қалпына келтіру қарастырылған. Жоғарыда айтылғандарды және жобалық табиғат қорғау мен ұйымдастырушылық іс-шаралардың сақталуын ескере отырып, халықтың денсаулығының, өмір сүру сапасының және дәстүрлі шаруашылық жүргізу жағдайларының нашарлауы болжанбайды, осыған байланысты қосымша өтемдік шаралар талап етілмейді. Жобаны іске асыру шеңберінде жер қойнауын пайдаланушының міндеттері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарымен және берілген экологиялық рұқсаттардың шарттарымен айқындалады. Алдағы уақытта техникалық жобаны әзірлеу кезінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес көлемдер мен тәртіпте өндірістік экологиялық бақылау және экологиялық мониторинг бағдарламасын әзірлеу көзделеді. Мониторинг нәтижелері нормативтік талаптарға сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынылады. Экологиялық ақпаратты ашық көздерде жариялау, сондай-ақ қоғамдық бақылау тетіктерін ұйымдастыру уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретіне жатады және экологиялық ақпаратқа қол жеткізу туралы заңнама арқылы реттеледі. Жер қойнауын пайдаланушының мониторинг деректерін белгісіз тұлғалар тобы үшін өз бетінше және тұрақты түрде жариялау міндеті қолданыстағы заңнамада көзделмеген. Осылайша, деректерді ашық жариялау және қоғамдық бақылауды енгізу жөніндегі ұсынылған талаптарды орындау жобаның құзыреті мен міндеттемелері шегінен шығады. Проекттік тереңдігі 7000 метрге дейінгі барлау жұмыстары Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексі мен Экологиялық кодекс талаптарына сәйкес, бекітілген бұрғылау және геологиялық барлау технологияларын қолдану арқылы жүргізіледі. Барлау ұңғымаларын бұрғылау гидрожарылыс, химиялық реагенттерді айдау немесе терең геологиялық құрылымдарға елеулі әсер етуі мүмкін өзге де технологияларды қолдануды көздемейді. Жобада ұңғыма оқпанын көпсатылы бекіту және цементтеу қарастырылған, бұл флюидтердің миграциясын және үстіңгі су қабаттарына әсерді болдырмайды. Ықтимал әсерлер туралы есеп аясында учаскенің геологиялық және гидрогеологиялық жағдайларына баға берілді, оның нәтижелері контракттық	
--	--	--

	аумақтан тыс теріс салдарға әкелуі мүмкін факторлардың жоқтығын көрсетті. Барлау бұрғылауының жергілікті және нүктелік сипатын, сондай-ақ жұмыстардың уақытша болуын ескере отырып, жер қойнауына трансшекаралық әсер ету ықтималдығы жоққа шығарылады. Аталған қызмет түрі үшін трансшекаралық сипаттағы қосымша ғылыми зерттеулер талап етілмейді және қолданыстағы заңнамада көзделмеген, себебі жобаның аумағынан тыс әсердің таралу тетіктері мен жолдары жоқ. <u>Берілген азаматтық пікірге жауап осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 7-ші қосымшасымен қоса беріледі.</u>	
--	--	--

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар ұсыныстар түскен жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабына сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Қоғамдық тыңдаулар аяқталғандықтан өкілінің аты 29.12.2025ж.
Срайнов Жанғазы Берісұлы
 (өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Улибин Александр Кобзаревич 29.12.2025ж.
ТОО "Кен Баттар" иже
 (өкілі болып табылатын ұйымның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, атауы, қолы, күні)

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізуге өтініші (Бірінші) бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесіне жауап

Жиынтық кесте жасалған күні: **18.12.2025 ж.**

Жиынтық кесте жасалған орын: Атырау облысы бойынша экология департаменті Экологиялық реттеу және бақылау комитеті
Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: Атырау облысы бойынша экология департаменті Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Экология геология және табиғи ресурстар министрлігі

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы хабарланған күн: **04.12.2025 ж.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі: **18.12.2025 ж.**

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескертулер мен ұсыныстар	Ескертулер мен ұсыныстарға жауап
1	Атырау облысы бойынша экология департаменті	1. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің (бұдан әрі- Кодекс) бабымен барлық экологиялық талаптарды сақтау; 2. Кәсіпкерлік субъектілері қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) құрту жөніндегі жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) үшін "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес қызметтің тиісті кіші түрі бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия алуға міндетті. Осыған байланысты қалдықтарды қауіпті қалдықтарды қайта өңдеуге, залалсыздандыруға, кәдеге жаратуға және (немесе) жоюға лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беруді қамтамасыз ету қажет. 3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 320-бабының 2-тармағының талаптарын сақтау қажет, Қалдықтарды жинақтау орындары: 1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе осы қалдықтар қалпына келтіру немесе жою жөніндегі операцияларға ұшырайтын объектіге оларды өз бетінше әкету күніне дейін алты айдан аспайтын мерзімге қалдықтарды түзілген жерінде уақытша жинап қоюға. 4. Кодекстің 327-бабына сәйкес қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар тиісті операцияларды	Кәсіпорынның назарына алынды. 1. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес, Кодексте белгіленген барлық экологиялық талаптар толық көлемде сақталатын болады. 2. Қауіпті қалдықтарды қайта өңдеу, залалсыздандыру, кәдеге жарату және (немесе) жою бойынша жұмыстарды (қызметтерді) жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңының талаптарына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметтің тиісті кіші түрі бойынша лицензия алуға міндетті. Осыған байланысты қауіпті қалдықтарды тиісті лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беру қамтамасыз етіледі. 3. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 320-бабының 2-тармағының талаптары сақталатын болады. Қалдықтарды жинақтау: 1) қалдықтарды жинау (мамандандырылған ұйымдарға беру) немесе оларды қалпына келтіру не жою жөніндегі операциялар жүргізілетін объектіге өз бетінше әкету күніне дейін қалдықтардың түзілген жерінде алты айдан аспайтын мерзімге уақытша жинақтауға жол беріледі. 4. Кодекстің 327-бабына сәйкес, қалдықтарды басқару жөніндегі операциялар адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей, сондай-ақ қоршаған орта объектілеріне (су, ауа, топырақ, жануарлар мен

